

**Ақтөбе облыстық мәслихатының
ШЕШІМІ**

Ақтөбе қаласы

№ 30

2021 жылғы 17 мамыр

**2020 жылғы облыстық
бюджеттің атқарылуы туралы
облыс әкімдігінің есебі**

«2020 жылғы облыстық бюджеттің атқарылуы туралы» облыстың қаржы басқармасының басшысы Н.А.Өнербаевтың, Ақтөбе облысы бойынша Тексеру комиссиясының төрағасы С.Еңсегенұлының және облыстық мәслихаттың бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік жөніндегі тұрақты комиссиясының қорытындысын тыңдап, облыстық мәслихат, 2019 жылғы 11 желтоқсанда бекітілген және 2020 жылдың бюджетін атқару барысында нақтыланған «2020-2022 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» облыстық мәслихаттың шешімі, нақтыланған көрсеткіштерден кірістер бойынша 105,3 пайызға, алынған нысаналы трансферттер бойынша 100 пайызға орындалды.

2020 жылғы облыстық бюджеттің шығыс бөлігі 100 пайызға игерілді, түзетумен жоспарланған 294 683 312,9 мың теңгеден 294 618 531,9 мың теңгеге игерілді.

Осыдан басқа, республикалық бюджеттен жалпы сомасы 87 104 307,0 мың теңгеге нысаналы трансферттер бөлінді, соның ішінде, білім беру және денсаулық сақтау объектілерін салуға және қайта жаңартуға, вакциналарды және басқа да иммундық-биологиялық препараттарды сатып алуға, орта білім беру ұйымдарын жан басына шаққандағы қаржыландыруды сынақтан өткізуге, білім беру, мәдениет, спорт, денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау саласы қызметкерлерінің еңбекақысын ұлғайтуға, инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеуге, асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялауға, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жайластыруға, көліктік инфрақұрылымын, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін, нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытуға бөлінді.

Республикалық бюджеттен мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға, нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытуға, облыс орталықтарында кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесуге, кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізуге бюджеттік несиелер бөлінді.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Бюджеттік кодексінің 130-бабының 3-тармағына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 23 қаңтардағы №148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабының 1-тармағының 1) және 9-1)

тармақшаларына сәйкес, Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Облыс әкімдігінің 2020 жылғы облыстық бюджеттің кірістер бойынша 43 835 590,6 мың теңге соммасында, алынған нысаналы трансферттер 203 897 954,2 мың теңге соммасында, шығындар бойынша 243 814 955,5 мың теңге соммасында, бюджеттік кредиттер бойынша 40 750 870,7 мың теңге, қарыздарды өтеу бойынша 10 052 705,7 мың теңге соммасында, бюджет тапшылығын қаржыландыру 25 465 012,4 мың теңгемен нақты орындалуы туралы есебі бекітілсін.

2. Ақтөбе облысының Тексеру комиссиясының 2020 жылғы облыстық бюджеттің атқарылуын бақылау қорытындылары туралы есебі назарға алынсын.

3. Облыс әкімдігіне:

1) бюджетке салықтық және басқа да міндетті төлемдердің түсуін толық қамтамасыз ету бойынша жұмысты жандандыру, сонымен қатар облыстық бюджеттің кіріс және шығыс бөлігінің орындалуына ай сайынғы мониторингті және талдауды жүзеге асыру;

2) тікелей және түпкілікті нәтижелерге қол жеткізе отыра бюджет қаражатын тиімді және мақсатты пайдалану бойынша бақылауды күшейту;

3) бюджеттік қаражаттарды басқару бойынша мемлекеттік органдардың қызметінің тиімділігін бағалаудың сапалы жүргізілуін қамтамасыз ету;

4) шығыстарды сапалы жоспарлауды және бюджет бағдарламаларын орындауды қамтамасыз ететін, облыстық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің басшыларының жауапкершілігін арттыру бойынша шаралар қабылдау ұсынылсын.

4. Ақтөбе облысы бойынша Тексеру комиссиясына ұсынылсын:

1) есептік кезеңге бюджет қаражатын қамту көлемін ұлғайтуды қарастыратын қадағалау шараларының тиімділігін арттыру;

2) бақылауды күшейту және әкімшілік ықпал ету шараларын қолдану арқылы аудит қорытындылары бойынша қабылданған шешімдердің мүлтіксіз және уақытылы орындалуын қамтамасыз ету;

3) Тексеру комиссиясының тапсырмалар мен ұсынымдарды орындау бойынша қабылдаған шешімі туралы (алу, ұзарту туралы) оларды хабардар ету бойынша аудит объектілерімен кері байланысты қамтамасыз ету.

**Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы**

**Облыстық
мәслихаттың хатшысы**

А. АЙТЖАНОВ

А. НУГМАНОВ